Басқа аймақтарда да ұзақ кезінде жер өңдеумен айналысты. Егіншілік неолит және энеолит кезеңінде қалыптасты. Алғашқы қола дәуірінің қарапайым орақтарын археологтар Шығыс Қазақстанмен Солтүстік Қазақстаннан тапқан. Қола дәуірінде Қазақстан аумағын мекендеген тайпалар егіншілік кәсібімен шұғылданды. Оны археологиялық деректер айқындап береді.

3. XX ғасырдың басында қазақтардың жаппай егіншілікпен айналысуға мәжбүр еткен себептері:

Біріншіден, орыс шаруаларының қоныс аударуы салдарынан мал жайылымдары қысқарып, қала тұрғындарының саны өсті.

Екіншіден, қазақтар егіншілікке өтпеген жағдайда қоныстан аймақтардан қуып шығарылатын қаупті де ескерді. Егіншілікке өту арқылы қазақтар өз жерінде тұрақтап қалуға әрекеттенді. 8

Үшіншіден, патша өкіметінің отарлау саясаты қазақтарды отырықшылыққа көшіруді көздеді. Бұл жердегі Патшалық Ресейдің басты мақсаты - өлкенің негізгі тұрғындарын жерінен айырып, қоныс аударушыларға босатып беру және қазақ қоғамында патша билігі үстемдігін бекіту еді. Кейде қазақтар орыс шаруаларымен тәжірибе алмасып, олардан шаруашылықты жүргізу әдісін үйренген.

27 б.

Қазылар алқасының төрағасы: Г. Кусаинова
мүшелері: М. Тунгатов
С. Исабаев
Г. Нариманова



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ